





дердің құрылымы мен сапасының өзгеруіне және оны өндіруге кететін шығындар мөлшеріне байланысты анықталады.

Өндірілетін өнім ассортиментінің өзгеруі өндіріс шығындарының деңгейіне әсер ететін маңызды факторлар екені белгілі. Бірақта жекелеген өнімнің әр түрлі рентабельділігі мен өнім құрамының сол өнімнің құрылымын жақсартумен және өндіріс тиімділігін арттырумен байланысты ауысуы өндіріс шығындарының төмендеуіне де, өсуіне де әкелуі мүмкін. Сол себептен, біздің ойымызша, өнімдер құрылымының өзгеруінің өзіндік құнға әсерін ауыспалы шығындардың баптары бойынша, яғни әр баптың үлестік әсерін есептеу арқылы талдау қажет.

Осы мақаланың басты мақсаты ретінде біз өсімдік шаруашылығының өнімдерін өндірудің тиімділігіне сол өндіріске жұмсалған шығындардың әсерін анықтауды қойып отырмыз. Сондай-ақ әр түрлі өнімнің өзіндік құнының өзгерістеріне салыстырмалық талдау жасаудың негізінде әсер етуші факторларды анықтап, бағу беру.

#### **Зерттеу материалдары мен әдістері.**

Мақаланың тақырыбы бойынша жүргізілген қажетті зерттеулер жүйелік, салыстырмалы және факторлық талдаудың статистикалық және динамикалық әдістерін, сонымен қатар бағалау, жинақтау және есептеу әдістерін, динамикалық болжау мен графикалық бейнелерді қолдану арқылы жүзеге асырылды [3,4]. Тізімделген әдістермен қатар, ғылыми абстракция әдісі қолданылды, ол талданатын процестің қарапайым элементтерге бөлу және сол элементтердің өзара әрекеттесуін қарастыруды және тізбекті алмастыру әдісін қолдануды қамтиды. Бұл әдіс өзіндік құнның жеке элементтерінің байланысын ашуға және олардың сол өзіндік құнның ауытқуларына тікелей әсерін сандық өлшеуге мүмкіндік берді.

Зерттеудің ақпараттық базасы ретінде Қазақстан Республикасы бойынша материалдары (Статистика Ұлттық бюросының мәліметтері) мен Ақмола облысы Целиноград ауданының ауыл шаруашылық кәсіпорны «Ен-Дала» ЖШС-тің қаржылық есептілігі мен бухгалтерлік есеп жүйесіндегі түсімдер, шығындар және өзіндік құн баптарының мәліметтері пайдаланылды. Сонымен қоса, мақаланың тақырыбы бойынша зерттеудің негізін қалаушы болып бухгалтерлік есеп пен шығындар есебін реттейтін заңнамалық және нормативтік актілері, отандық және шетелдік ғалым-

дардың осы тақырып бойынша еңбектері табылады.

#### **Нәтижелер және оларды талқылау.**

Өндіріс шығындарының деңгейі өндірістің экономикалық тиімділігінің маңызды көрсеткіші екеніне ешкімнің күмәні жоқ және оны дәлелдеуде қажетсіз. Ал өнімнің құны болып (бағасы емес) кәсіпорынның өндірілген өнімді өндіруге және өткізуге шыққан шығындарының жиынтығы есептеледі, себебі бұл түсінік қаржы-шаруашылық қызметтің барлық жақтарын синтездейді, барлық өндірістік ресурстарды пайдалану нәтижелерін жинақтайды. Сондықтан, шығындарды азайту – ол кез келген қоғамның, әр саланың, кәсіпорынның басты және шұғыл міндеттерінің бірі.

Шығындарды төмендету проблемасы қазіргі кезеңде ерекше өзекті болып табылады. Кіріс мөлшері мен рентабельділік деңгейі, кәсіпорынның қаржылық жағдайы және оның төлем қабілеттілігі, кеңейтілген ұдайы өндіріс қарқыны, өнімді сатып алу және бөлшек сауда бағалары шығындар деңгейіне немесе өнімнің өзіндік құнына тікелей байланысты. Оны төмендету үшін резервтерді іздеу көптеген шаруа қожалықтарына пайда көлемі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруға және банкроттыққа жол бермеуге көмектеседі.

Жалпы, өнімнің өзіндік құны материалдық шығындардан, жұмыс-шыларға жалақы төлеу шығындарынан және басқа да шығындардың күрделі баптарынан қалыптасады. Ал әрбір элемент бойынша шығындардың өсуі немесе төмендеуі өнімнің өзіндік құнының деңгейін не жоғарылатады, не төмендетеді. Сондықтан, талдау кезінде шикізат, материалдар, отын мен электроқуат бойынша шығындарды, сондай-ақ еңбек ақы төлеу мен басқа да шығындарды егжей-тегжейлі талдаған қажет деп есептейміз.

Мысалы, еңбек ақы мөлшері өскені әлеуметтік тұрғыдан оңынан бағаланады. Бірақта, өзіндік құнды төмендету жағынан қарағанда, еңбек өнімділігі мен еңбек ақы өсімінің өсу қарқындарының дұрыс арақатынасымен анықталады. Өзіндік құн деңгейінің төмендеуін қамтамасыз ету үшін еңбек өнімділігінің өсу қарқыны еңбек ақының өсу қарқынынан әрдайым жоғары болғаны керек.

Өсімдік шаруашылығының ел экономикасына қосқан және әлі де қосар үлесі аз емес. Мысалы, 2020 жылдың 10 айы бойынша ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің көлемі 5,2%-ға ұлғайып, 5,4 трлн. теңгені құрады. Негізінде мұндай өсімді

қамтамасыз еткен өсімдік шаруашылықтың 7,1%-ға артқаны. Сондықтан осы салада өндірілетін өнімге жұмсалған шығындарды зерттеуді жөн көрдік.

Ал өнімнің өзіндік құнына негізгі өндірістік көрсеткіштерде тікелей әсер етеді. Мысалы, егістік алқаптарының жағдайы, ауа райының жағдайы, тыңайтқыштардың сапасы және басқа факторлар өсімдік шаруашылығы өнімдерінің көлеміне өз ықпалдарын тигізеді. Ал, бұл арада, ауа райынан басқалары кәсіпорыннан көптеген салымдарды талап етеді.

Нәтижесінде, сол салымдар мен басқа да шығындар өнімнің өзіндік құнын қалыптастырады. Сөйтіп, кәсіпорынның қызметінің соңғы қаржылық нәтижесіне, демек өнім өндірудің тиімділігіне тікелей әсер етеді. Оған дәлел төменгі кестелер мен суреттерде келтірілген «Ен-Дала» ЖШС-тің ауыл шаруашылық кәсіпорынның мәліметтері. Бұл кәсіпорынның өсімдік

шаруашылығынан түсетін түсімінің едәуір бөлігі астық дақылдарының негізгі екі түрінен, яғни бидай мен арпадан болғандықтан, талдау солар бойынша жүргізілді.

Бұл кәсіпорында ақырғы жылдары бидай мен арпаның егістік алқаптары қысқартылып, босаған жыртындыларға қарақұмық, рапс, зығыр дақылдары себіле басталды. Орта есеппен алғанда бидай 5,5 мың га және арпа 3 мың га жуық алқаптарға себіліп келеді. Ерекше айтатын шарт – ол талдау жасап отырған жылдардағы аталған дақылдар өнімділіктерінің өсуі, әсіресе 2018 жылы бидай мен арпаның өнімділіктері бір гектардан тиесінше 24,2 ц және 29,6 ц құрады. Бірақта келесі екі жылда олардың өнімділіктері айтарлықтай жоғары болмады. Мысалы, 2019 жылы өсімдік шаруашылығы өнімінің жалпы сату көлемі 5 пайызға жуық төмендегені байқалады (1 кесте).

1 кесте – «Ен-Дала» ЖШС-тің өсімдік шаруашылығы өнімдері бойынша түсімнің көлемі мен динамикасы

Жылдар	Өсімдік шаруашылығы бойынша түсім, барлығы		Оның ішінде			
			бидай сатудан түсім		арпа сатудан түсім	
	У, мың теңге	тізбекті өсу қарқыны, %	У, мың теңге	үлес салмағы, %	У, мың теңге	үлес салмағы, %
2013	887 016	100,0	575 968	64,9	231 702	26,1
2014	928393	104,7	701 299	75,5	110 786	11,9
2015	1 048 968	112,9	860 512	82,0	61 311	5,8
2016	1 085 714	103,5	956 481	88,1	12 713	1,2
2017	1 141 899	105,2	829 155	72,6	98 955	8,7
2018	1 377 632	120,6	722 737	52,5	281 978	20,5
2019	1 313 770	95,4	810 885	61,7	105 659	8,0
Орташа жылдық өсу қарқыны, %		105,0	x	70,1	x	11,6

Ескерту: автормен [5] мәліметтері негізінде есептелді

Қарастырып отырған өсімдік шаруашылықтың екі өнімінің өнімділігі мен егістік алқаптарының азаюына байланысты олардың сату көлемдері де төмендеп, нәтижесінде жалпы түсімді азайтты. Кәсіпорынның осы екі дақылдар бойынша егістік алқаптарын қысқартуы мен олардың өнімділіктерінің төмендеуі өз алды бөлек зерттеуді талап етеді. Бұл арада біз оған көңіл бөлмейік. Бірақта ол жөнінде келесіні айтуға болады – «Ен-Дала» ЖШС-тің дәнді дақылдар жөніндегі саясаты өзгергенін, яғни бидай мен арпаның егістік алқаптарын қысқартып, ал майлы зығырдың алқаптарын кеңейтуге бағыт алғанын. Қалай десек те, бидай мен арпаны өндіруге едәуір шығындар кетті, ендеше сол шығындардың, яғни өнімдердің өзіндік құнын зерттеп, өзгерістеріне баға берейік (2 кесте).

Бидайдың 1 тоннасының өзіндік құны қарастырып отырған жылдар бойынша орта есеппен алғанда 34 мың теңгеге жуық, ал арпа бойынша бұл көрсеткіштің деңгейі 32 мың теңге жуық болды.

Кестеде келтірілген мәліметтерден мынаны байқауға болады – екі өнімнің өзіндік құндарының деңгейлерінде айтарлықтай айырмашылық орын алмаған. Бірақта, егер өсу қарқындарын салыстырсақ, онда арпаның 1 тоннасының өзіндік құнының өсуі бидайға қарағанда арта түсуде.

2018 жылы бидай өндіруге жұмсалған барлық шығындардың көлемі 435,9 млн теңгені, ал арпаға шыққан барлық шығындар 200,7 млн теңгені құраған. 2019 жылы мұндай шығындардың көлемі тиісінше 473,3 млн теңге мен 134,6 млн теңгеге тең болған немесе бидай бойынша

8,5%-ға өскен және арпа бойынша 32,9%-ға төмендеген. Бірақта, мұндай өзгерістерге қарамастан екі өнімнің де 1 тоннасының өзіндік құны 2019 жылы әжептәуір өскен (2 кесте). Ондай жағдай, ең алдымен, қарас-

тырып отырған дәнді дақылдардың өнімділіктерінің төмендеуіне байланысты – 2018 жылы 1 га-дан 24,2 ц бидай алынса, 2019 жылы ол тек 12,7 ц құрады, ал арпа бойынша тиісінше 29,6 ц және 13,2 ц болды.

2 кесте – Бидай мен арпаның 1 тоннасының өзіндік құны


Жылдар	Бидайдың 1 тоннасының өзіндік құны, теңге	Арпаның 1 тоннасының өзіндік құны, теңге	Тізбекті өсу қарқыны, %	
			бидай	арпа
2013	22 238	15 859	100,0	100,0
2014	23 733	25 022	106,7	157,8
2015	37 687	26 906	158,8	107,5
2016	35 458	35 070	94,1	130,3
2017	37 891	36 808	106,9	105,0
2018	32 179	24 499	84,9	66,6
2019	47 555	59 325	147,8	242,2
Орташа жылдық өсу қарқыны, %	x	x	109,9	117,9

Ескерту: автормен [5] мәліметтері негізінде есептелді

Тағы бір айтатын жайт – ол егістік алқаптар мен 1 га шаққандағы шығындардың өзгерістері. Мысалы, 2018 жылы бидайдың 5 595 га егістік алқабының 1 га жұмсалған шығынның көлемі 77 925 теңгеге жетсе, 2019 жылы 8 253 га егістік алқаптың 1 га шыққан шығын 57 350 теңгені құрады немесе 25%-дан астамға азайған. Екінші өнім – арпа бойынша ондай көрсеткіштер керісінші өзгерген. 2018 жылы оның 2 766 га егістік алқабының 1 га шыққан шығын 72 580 теңгені құрады, ал 2019 жылы 1 713 га-дың әр біреуіне 78 575 теңге жұмсалды немесе 8%-дан астамға өскен.

Осы есептелген мәліметтердің негізінде 1 ц бидай мен 1 ц арпаның өзіндік құндарының өзгергеніне жасалған факторлық талдаудың нәтижесі бойынша дәнді дақылдардың өнімділігінің төмендеуімен қатар барлық шығындардың өсуі да айтарлықтай әсер еткен.

Бұл арада 2019 жылдың мәліметтері ерекше болып тұр, өйткені басқа жылдарға қарағанда бидайдың да, арпаның да өсу қарқындары 2018 жылмен салыстырғанда тиісінше 1,5 және 2,5 есеге жуық өскен. Сондықтан, осы екі жылда өзіндік құндарды қалыптастырған баптардың өзгерістеріне баға берейік (1 сурет).



Ескерту: автормен [5] мәліметтері негізінде есептелді

1 сурет – Бидай мен арпаның өзіндік құндарының баптары бойынша диаграмма

Енді 1 суреттегі бидай мен арпаның өзіндік құндарының құрамына кіретін баптары бойынша шығындардың көлемдері негізінде құрылымдық көрсеткіштерді есептеп [6], бағалайық. 2018 жылы бидай

өндірісіне шыққан барлық шығындардың ішінде 52,7%-ы материалдық шығындардың үлесі, 16,6%-ы еңбек ақы шығындарының үлесі, 24,9%-ы негізгі құралдар бойынша амортизациялық төлемдердің

және 5,8%-ы басқа да шығындардың үлесі. Ал енді 2019 жылғы мәліметтер бойынша баптардың үлес салмақтарын есептейік. Осы жыл бойынша 71,2%-ы – ол материалдық шығындар, 19,0%-ы – еңбек ақы шығындары, 5,9%-ы – негізгі құралдардың амортизациялық шығындары, 3,9%-ы – басқа да шығындардың үлесі.

Салыстыру үшін арпа өндірісіне жұмсалған шығындар бойынша да осы көрсеткіштерді есептесек, мынадай мәліметтерге ие боламыз. 2018 жылы барлық шығындардың ішінде 47,1%-ы материалдық шығындардың үлесіне жатса, 19,4%-ы – еңбек ақы шығындарының, 26,4%-ы – негізгі құралдар бойынша амортизациялық шығындардың және 7,1%-ы басқа да шығындардың үлесін қамтиды. 2019 жылы, яғни материалдық шығындардың 69,8%-ның үлесі, 11,2%-ы еңбек ақы бойынша шығындардың, 15,7%-ы амортизациялық шығындарының және 3,3%-ы басқа да шығындардың үлесі алды.

Есептелген құрылымдық көрсеткіштерден байқағанымыз – екі өнім бойынша барлық шығындардың құрамында ең жоғары үлес салмағы бар шығындар – ол материалдық шығындар. Тіпті бидай өндіруге шыққан шығындардың ішіндегі материалдық шығындардың үлесі 2019 жылы 2018 жылға қарағанда 18,5 пайыздық пунктке ұлғайған. Ондай жағдайдың орын алуын, біріншіден, есепті жылы бидайдың егістік алқаптарының кеңеюімен, екіншіден, материалдық ресурстардың бағасының өсуімен дәлелдеуге болады. Арпаның да өзіндік құнының ішіндегі материалдық шығындардың да өсуін осы екінші себеппен (бағамен) байланысты екенін айта кету керек.

Өзіндік құнды талдау барысында аддитивті модельді қолдануға болады, себебі өзіндік құнның құрамына кіретін баптарының мәндері оларды қосу арқылы анықталады [7,8]. Мұндай модельдер талдау кезінде оның құрамдас бөліктері үлестерінің нәтижелік көрсеткіштің жалпы өзгеруіне әсер етуін анықтайды. Басқаша айтқанда, мұндай жағдайларда факторлық талдаудың салыстырмалы айырмашылықтар әдісінің тағы бір түрі – жекелеген факторлардың нәтижелік көрсеткішке үлестік әсерін есептеу әдісі қолданылады. Осы әдісті қолдану арқылы бидай мен арпаның өзіндік құндарының өзгерістеріне шығындар баптарының үлестік әсерін есептейік.

Өнімнің өзіндік құнының жалпы сомасын келесі модельмен көрсетейік:

$$Z = T + S + A + N,$$

Z – өзіндік құнның жалпы сомасы;  
T – еңбек ақы бойынша шығындар;  
S – материалдар бойынша шығындар;  
A – амортизациялық төлемдер бойынша шығындар;  
N – басқа да шығындар [8].

Өзіндік құнның есепті жылғы салыстырмалы өзгерісі мынадай  $\pm \Delta Z\% = (Z_1 / Z_0) * 100$  қатынас арқылы есептеледі. Мұндай өзгеріс модельге кірген барлық шығындар баптарының абсолюттік өзгерістері негізінде қалыптасқан болғандықтан, олардың мөлшерлері есепті және өткен жылдардың әрбір баптары бойынша айырмашылықтарын есептеу арқылы анықталады, яғни

$$\pm \Delta T = T_1 - T_0, \pm \Delta S = S_1 - S_0, \pm \Delta A = A_1 - A_0, \pm \Delta N = N_1 - N_0.$$

Енді осылардың негізінде өзіндік құнның салыстырмалы өсуіне немесе төмендеуіне әрбір баптың үлестік әсерін келесідей есептейік:

а) еңбек ақы бойынша шығындар арқылы:  $\pm \Delta Z t\% = \pm \Delta T / Z_0 * 100$ ;

ә) материалдар бойынша шығындар арқылы:  $\pm \Delta Z s\% = \pm \Delta S / Z_0 * 100$ ;

б) амортизациялық төлемдер бойынша шығындар арқылы:  $\pm \Delta Z a\% = \pm \Delta A / Z_0 * 100$ ;

в) басқа да шығындар арқылы:  $\pm \Delta Z n\% = \pm \Delta N / Z_0 * 100$ .

Нәтиже былай тексеріледі  $\Delta Z\% = \pm \Delta Z t\% \pm \Delta Z s\% \pm \Delta Z a\% \pm \Delta Z n\%$ .

Енді 1 суретте көрсетілген екі жылдың мәліметтері мен осы модельді пайдалану арқылы бидай өндіруге шыққан барлық шығындарының өзгерісін және баптардың айырмашылықтарын есептесек, онда келесі мәліметтерді анықтаймыз:  $\pm \Delta Z\% = 473,3 / 435,9 = 108,4\%$ ;  $\pm \Delta T = +17,5$  млн тг.,  $\pm \Delta S = +107,3$  млн тг.,  $\pm \Delta A = -80,4$  млн тг.,  $\pm \Delta N = -7,7$  млн тг. Ал осы есептелген мәліметтердің негізінде баптардың үлестік әсерін анықтау үшін әрі қарай келесідей есептеулер жасаймыз:

а) еңбек ақы бойынша шығындардың әсерін:  $\pm \Delta Z t\% = \pm \Delta T / Z_0 * 100 = +17,5 / 435,9 * 100 = +4,0\%$ ;

ә) материалдар бойынша шығындардың әсерін:  $\pm \Delta Z s\% = \pm \Delta S / Z_0 * 100 = +107,3 / 435,9 * 100 = +24,6\%$ ;

б) амортизациялық төлемдер бойынша шығындардың әсерін:  $\pm \Delta Z a\% = \pm \Delta A / Z_0 * 100 = -80,4 / 435,9 * 100 = -18,4\%$ ;


в) басқа да шығындардың әсерін:  $\pm \Delta Z n\% = \pm \Delta N / Z_0 * 100 = -7,7 / 435,9 * 100 = -1,7\%$ .

Осылайша, бидай өндірісінің шығындарының өзгерісіне әр бап бойынша шығындардың ықпалын үлестік әсерлерді есептеу

өдісін қолдану арқылы анықтадық. Нәтижесінде, әрбір бап бойынша шығындардың өзгеруі арқылы жалпы өзгеру неше пайызға төмендегенін немесе өскенін таптық. Мысалы, еңбек ақы бойынша шығындардың 17,5 млн теңгеге өскені бидайдың өзіндік құнын 4%-ға жоғырылатты, яғни барлық шығындардың 8,4%-ға өзгергені

4%-ға еңбек ақы бойынша шығындарының өзгеруіне тәуелді. Осылай әр бап бойынша есептеледі. Арпа өндірісінің шығындарын да осылайша талдауға болады.

Келесі кезеңде өзіндік құнның осы материалдық шығындар бабының өзгеруіне элементтік талдау жасап, бағалайық (2 сурет).



Ескерту: автормен [5] мәліметтері негізінде есептелді

2 сурет – Материалдық шығындар құрамының диаграммасы

2 суреттегі диаграммада материалдық шығындардың құрамын қалыптастыратын шығындар элементтерінің мөлшерлері келтірілген. Оның ішіндегі ең аз мөлшері бар электроқуатты есепке алмауға болады. Сонда бұл диаграммдан нені байқауға болады? Біріншіден, дәнді дақылдардың өнімділігіне тікелей әсер ететін тұқым мен тыңайтқыштардың үлес салмақтары ең төмен деңгейде. Егерде кәсіпорын элиталық тұқым және қажетті түрлі тыңайтқыштарды сатып алып пайдаланса, бидай мен арпаның өнімділіктері әлде қалай басқаша болып, өсер еді.

Екіншіден, жанар-жағармай материалдары, қосалқы бөлшектер мен химиялық препараттардың шығындары ішіндегі осыншама үлес салмақ алуы тек қана олардың бағаларының өсуіне байланысты. Мысалы, 2019 ж. материалдық шығындардың 80%-ы осы үш элементтерден қалыптасқан.

Ал қосалқы бөлшектердің осыншама (28%) үлес алуы қосымша сұрақтар туғызады. Бұл элементтер бойынша шығындар, химиялық препараттарды қоспағанда, өнімнің өнімділігіне ешқандай тікелей әсер етпейді. Әрине, оларсыз өнім өндірісінің процестерін іске асыра алмаспыз, дегенмен, оларды бақылап, үнемдеу қажет. Ал ондай жұмыс нәтижелі болу үшін, бәрімізге мәлім және бүгінгі күнге дейін шешілмей келетін өнеркәсіптік және ауыл

шаруашылық өнімдері бағаларының сәйкессіздігі (баға диспаратеті) жөніндегі мәселені қалыпқа келтіру қажет.

Осылайша, бидай мен арпаның өзіндік құнын және оның өзгерісіне баптар мен элементтері бойынша талдау жасау нәтижесінде оның орташа жылдық өсуін дәлелдедік. Зерттеп отырған жылдар бойы түсімнің орташа жылдық өсу қарқыны 105% болса, шығындардың орташа жылдық өсу қарқыны 110%-ды құрады. Әрине, мұндай жағдай тұтас өсімдік шаруашылығы бойынша орын алған. Егерде бидай мен арпа бойынша көрсеткіштерді пайдалансақ, онда келесідей жағдайды анықтаймыз – 2018 жылы бидайды сатудан 236 млн теңгеден астам, арпадан – 98 млн теңгеге жуық пайда түссе, 2019 жылы бидайдан 330 млн теңге пайда алынса, арпадан, керісінші, 20 млн теңгеге жуық залал болған.

Енді пайданың осындай өзгеруіне өзіндік құнның ауытқулары қалай әсер еткенін анықтайық, өйткені осы екі көрсеткіштің қатынасы негізінде тиімділіктің көрсеткіші – рентабельділік деңгейі есептеледі [9]. 2018 жылы бидай өндірісінің рентабельділігі 48,7% (236,8 млн тг : 485,9 млн тг) және 2019 жылы 65,2% (319,9 млн тг : 490,9 млн тг) тең болды немесе 16,5 пайыздық пунктке өскен. Осы өзгеріске пайда мен шығындардың әсерін есептеу үшін рентабельділіктің 48,2% (236,8 : 490,9)

шартты көрсеткішін есептейміз және оны қолдану арқылы факторлардың әсерін анықтаймыз. Пайда көлемінің өзгерісінің әсерін анықтау үшін есепті жылғы рентабельділіктен шартты рентабельділікті аламыз (65,2% – 48,2%), сонда есептелген +17,0 пайыздық пунктке есепті жылы бидай өндірісінің тиімділігі жоғары болар еді. Бірақта, өзіндік құнның шамалы болса да өскені рентабельділікті 0,5 пайыздық пунктке төмендетті, сол себептен жалпы 16,5 пайыздық пунктке ғана өсті.

Арпа өндірісінің тиімділігі басқаша өзгерген, өйткені есепті жылы бұл өнімді сатудан 19,4 млн теңге көлемінде зиян алынды. Ондай жағдайға себеп болған арпадан түскен түсімнің өткен жылға қарағанда 62,5%-ға азайғаны және өзіндік құнның түсімнен 18%-ға асып түскені. Егерде өзіндік құнның төмендеу қарқыны түсім көлемінің төмендеу қарқынынан озған жағдай болса, онда, әрине, пайданы есептеуге болар еді. Бірақта, біздің мәліметтерге қарағанда ондай жағдайдың орын алуы мүмкін емес, себебі бұл кәсіпорында ақырғы 6 жыл ішінде арпа сатудан тек екі (2015ж. және 2018ж.) жылы ғана пайда түскен. Мүмкін ақырғы жылы арпаның егістік алқабының кемуі соған байланысты болар.

Демек, шығындарды төмендету арқылы тиімділікті арттыру еңбек ақыны, тұқымды, материалдарды, энергияны және т.б. үнемдеуді талап етеді. Қазіргі уақытта өндірілген өнімнің нақты өзіндік құнын талдағанда және экономикалық тиімділігін анықтағанда көбінесе экономикалық факторларға негізделген көрсеткіштерді есептеу қажет. Өйткені экономикалық факторлар өндіріс процесінің барлық элементтерін – негізгі құралдарды, еңбек құралдарын және еңбектің өзін толығымен қамтиды [10]. Бұған қоса өндірілген және сатылған өнімнің көлемі мен құрылымын тұрақты бақылау қажет, себебі өнімнің ассортиментінің оңынан өзгеруі өндіріс бірлігіне шаққанда оның өсуін төмендетеді, ал ол болса өнімнің өзіндік құнының төмендеуіне әкеледі.

**Тұжырымдар.** Өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру тиімділігін және оның мөлшеріне әсер етуші өнімнің өзіндік құнын салыстырмалы зерттеу нәтижесі бойынша келесі қорытындылар мен ұсыныстар анықталды:

1. Өнімнің өзіндік құны өндіріс тиімділігінің көрсеткіштерімен өзара байланысты және оның өзгеруі өнімді өндіру мен сату жағдайы және шарттарының өзгеруіне тәуелді.

2. Өнімдер құрылымының өзгеруінің өзіндік құнға әсерін ауыспалы шығындардың

баптары бойынша, яғни әр баптың үлестік әсерін есептеу арқылы талдау қажет.

3. Өсімдік шаруашылығының өнімдерін өндірудің тиімділігіне сол өндіріске жұмсалған шығындардың ықпалы баптардың үлестік әсерін есептеу әдістемесі негізінде анықталды.

4. Шығындарды төмендету арқылы тиімділікті арттыру экономикалық факторларға негізделген көрсеткіштерді үнемдеуді талап етеді, атап айтқанда еңбек ақыға, тұқымға, материалдарға, амортизациялық төлемдерге, химиялық препараттарға шыққан шығындарды.

#### *Әдебиеттер тізімі*

[1] Утибаев, Б.С. Особенности оценки деятельности сельскохозяйственных предприятий по показателю рентабельности /Б.С.Утибаев, А.К.Байдаков, Д.Т.Ахметова //Статистика, учет и аудит. - 2017.- №3.- С. 154-164.

[2] Тиреуов, К.М. Эффективность функционирования предприятий аграрного сектора Республики Казахстан /К.М.Тиреуов, У.К.Керимова, С.А. Турекулов //Проблемы агрорынка.- 2020. -№3.- С.116-122.

[3] Ахметов, Д.Т. Кобба-Дугластың өндірістік қызметін қолдану негізінде шағын кәсіпорындардың көрсеткіштерін талдау /Д.Т.Ахметова, А.К.Байдаков, Р.М.Жунусова //Проблемы агрорынка. -2019. -№1. -С. 91-98.

[4] Утибаев, Б.С. Использование методики факторного анализа в оценке результатов деятельности предприятия / Б.С. Утибаев // Фундаментальные и прикладные научные исследования: актуальные вопросы достижения и инновации: Материалы междунар. науч.-практ.конф.- Пенза, 2020.- С.35-40.

[5] Производственно-финансовая отчетность ТОО «Ен-Дала» за 2014-2020.- URL: <https://pk.uchet.kz/c/bin/980240001027/> (дата обращения:15.01. 2021).

[6] Утибаева, Г.Б. Анализ устойчивости производства зерна статистическими методами /Г.Б.Утибаева, Б.С.Утибаев, К.Т.Аленова //Проблемы агрорынка. – 2019. –№1. - С. 129-136.

[7] Шеремет, А.Д. Анализ и диагностика финансово-хозяйственной деятельности предприятия: учеб. / А.Д. Шеремет.- М.: ИНФРА-М, 2017. - 374 с.

[8] Утибаев, Б.С. Комплексный экономический анализ: учеб. /Б.С.Утибаев, К.Т.Аленова, Д.Т. Ахметова, А.К.Байдаков А.К., Г.Б. Утибаева, Р.М.Жунусова. - Астана: КАТУ им.С.Сейфуллина, 2016.- 232 с.

[9] Утибаев, Б.С. Оценка финансовых результатов сельскохозяйственных предприятий и использования ими займов. /Б.С. Утибаев, Р.М. Жунусова //Вестник университета Туран. -2020.-№1.-С. 177-182.



[10] Бекбенбетова, Б. Қазақстанның ауылшаруашылығы салаларын дамыту мәселелері / Б. Бекбенбетова, Ж.Рахметулина //Проблемы агрорынка. -2018. -№1. - С.37-44.

### References

[1] Utibayev, B.S. Features of assessment of the activities of agricultural enterprises by profitability indicator / B.S. Utibayev, A.K. Baidakov, D.T. Akhmetova // Statistics, accounting and audit. - 2017.-№3.-PP. 154-164.

[2] Tireuov, K.M. Efficiency of functioning of enterprises of agricultural sector of the Republic of Kazakhstan/ K.M.Tireuov, U.K. Kerimova, S.A. Turekulov // Problems of AgricMarket. - 2020. -No. 3.- PP.116-122.

[3] Akhmetov, D.T. Analysis of indicators of small enterprises on the basis of the use of production activities of Cobba-Douglas / D.T. Akhmetova, A.K.Baidakov, R.M. Zhunusova // Problems of AgricMarket.-2019. -№1. -PP. 91-98.

[4] Utibayev, B.S. Application of methods of factor analysis in the assessment of the results of enterprise / B.S. Utibayev // Fundamental and applied research: current issues of achievement and innovation: proceedings of Int. scientific-practical conference-Penza, 2020.- PP. 35-40.

[5] Production and financial reporting of "En-Dala" LLP for 2014-2020.- URL: <https://pk.uchet.kz/c/bin/980240001027/> (date of access: 15.01. 2021).

[6] Utibayeva, G.B. Analysis of sustainability of grain production by statistical methods / G.B. Utibayeva, B.S. Utibayev, K.T. Alenova // Problems of AgricMarket. - 2019. - №1. - PP. 129-136.

[7] Sheremet, A.D. Analysis and diagnosis of financial and economic activity of the enterprise: textbook. /A.D. Sheremet.- M.: INFRA-M, 2017. - 374 p.

[8] Utibayev, B.S. Complex economic analysis: textbook. / B.S. Utibayev, K.T.Alenova, D.T. Akhmetova, A.K. Baydakov, G.B. Utibayeva, R.M. Zhunusov. - Astana: S. Seifullin KATU, 2016. - 232 p.

[9] Utibayev, B.S. Evaluation of financial results of agricultural enterprises and their use of loans. / B.S. Utibayev, R.M. Zhunusova // Bulletin of the Turan University. -2020.- №1.- PP. 177-182.

[10] Bekbenbetova, B. Issues of agricultural sectors development in Kazakhstan / B. Bekbenbetova, Zh. Rakhmetulina // Problems of AgricMarket. -2018. -№1. - PP.37-44.

### Авторлар туралы ақпарат:

*Ахметова Динара Төлеухановна*; экономика ғылымдарының кандидаты; «Есеп және аудит» кафедрасының доценті; С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті; Нұр-Сұлтан қ., 010011 Жеңіс даңғылы 62, Қазақстан; [dinra09@mail.ru](mailto:dinra09@mail.ru); <http://orcid.org/0000-0002-6107-6565>

*Жунусова Раушан Мустафиевна*; экономика ғылымдарының кандидаты; «Есеп және аудит» кафедрасының доценті; С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті; Нұр-Сұлтан қ., 010011 Жеңіс даңғылы 62, Қазақстан; [zhrm\\_56@mail.ru](mailto:zhrm_56@mail.ru); <http://orcid.org/0000-0002-0018-8424>

*Утибаев Бегендык Саутович*; экономика ғылымдарының кандидаты; «Есеп және аудит» кафедрасының доцент; С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті; Нұр-Сұлтан қ., 010011 Жеңіс даңғылы 62, Қазақстан; [ubs\\_51@mail.ru](mailto:ubs_51@mail.ru); <http://orcid.org/0000-0003-1937-7636>

### Information about the authors:

*Akhmetova Dinara Toleukhanovna*; Candidate of Economic Sciences; Associated Professor of the Department "Accounting and Audit", S. Seifullin Kazakh Agro Technical University; Nur-Sultan, 010011 Zhenis Avenue 62, Kazakhstan; [dinra09@mail.ru](mailto:dinra09@mail.ru); <http://orcid.org/0000-0002-6107-6565>

*Zhunusova Raushan Mustafievna*; Candidate of Economic Sciences; Associated Professor of the Department «Accounting and Audit»; S. Seifullin Kazakh Agro Technical University; Nur-Sultan, 010011 Zhenis Avenue 62, Kazakhstan; [zhrm\\_56@mail.ru](mailto:zhrm_56@mail.ru); <http://orcid.org/0000-0002-0018-8424>

*Utibaev Begendyk Sautovich*; Candidate of Economic Sciences; Associated Professor of the Department "Accounting and Audit"; S. Seifullin Kazakh Agro Technical University; Nur-Sultan, 010011 Zhenis Avenue 62, Kazakhstan; [ubs\\_51@mail.ru](mailto:ubs_51@mail.ru); <http://orcid.org/0000-0003-1937-7636>

### Информация об авторах:

*Ахметова Динара Төлеухановна*; кандидат экономических наук; доцент кафедры «Учет и аудит», Казахский агротехнический университет им. С.Сейфуллина; г.Нур-Султан, 010011 проспект Женис 62, Казахстан; [dinra09@mail.ru](mailto:dinra09@mail.ru); <http://orcid.org/0000-0002-6107-6565>

*Жунусова Раушан Мустафиевна*; кандидат экономических наук; доцент кафедры «Учет и аудит», Казахский агротехнический университет им. С.Сейфуллина»; г.Нур-Султан, 010011 проспект Женис 62, Казахстан; [zhrm\\_56@mail.ru](mailto:zhrm_56@mail.ru); <http://orcid.org/0000-0002-0018-8424>

*Утибаев Бегендык Саутович*; кандидат экономических наук; доцент кафедры «Учет и аудит»; Казахский агротехнический университет им. С.Сейфуллина»; г.Нур-Султан, 010011 проспект Женис 62, Казахстан; [ubs\\_51@mail.ru](mailto:ubs_51@mail.ru); <http://orcid.org/0000-0003-1937-7636>